

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор PhD

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор PhD

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)

Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор

Трушев А. К., д.ф.н., профессор

Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия)

Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)

Баратова М. Н., д.ф.н., профессор

Аймухамбет Ж. А., д.ф.н., профессор

Шапауов Ә. Қ., к.ф.н., профессор

Шокубаева З. Ж., технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ

Абдырова А. О.

Ғалым Қ. П. Жүсіп шығармалары және көкейкесті мәселелер10

Аймухамбет Ж. Ә., Айтуғанова С. Ш., Миразова М. Н.

«Жан» концепциясының поэтологиялық интерпретациясы
(Платоннан және миф баяндарынан Абай поэзиясына дейін).....19

Аубакирова Қ. Қ., Мустафаева А. А., Кулахметова М. С.

«Иршадул-мулук уәс-салатин» жазба ескерткіші (XIV ғ.) теоллингвистикалық
дерек ретінде31

Ахтаева Н. Х., Нанай Ф. Е., Сарыбаева Б. Ж.

Интернет-коммуникацияның ерекшелігі.....44

Бауыржанұлы Е., Әшімханова С. А.

Идеологияның көркем аудармаға әсері: Илияс Есенберлиннің
«Көшпенділер» мысалында53

Бекмухан Д. Б., Анесова А. Ж., Акмагамбетова Б. Е., Бектурганова З. Б.

Шет тілін оқыту барысында оқушылардың
зерттеу дағдыларын қалыптастыру.....65

Болатбекова Ж. Б., Картаева А. М., Жұмақаева Б. Д.

Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын
салыстыра талдау және оқыту75

Джакипова Г. А., Бейсенова Ж. С., Шахметова Н. А.

Көркем индивидуализм феноменінің негізгі
белгілері Қазақстан әдебиеті 2010-2020 жж.88

Джакыпбекова М. Т., Кыяхметова Ш. А.

«Қобыланды батыр» жырындағы этнографизмдердің танымдық сипаты..100

Елікпаев С. Т., Қапасова Б. Қ., Кожас Д. А.

Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер болмысы: өзгеріс пен ұласу 111

Жумадилова Г. Б., Сағынтаева Ж. Қ., Шахарман Ә. П.

Қарағанды облысы Ақтоғай өңірі топонимдеріндегі аңыздардың көрінісі ..121

Жусубалина Ж. М., Карабаева Л. К., Тлеубердиев Б. М.

Қазақ медиамәтінінің қазіргі коммуникативті кеңістіктегі рөлі135

Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.

Мәшһүр Жүсіптің халық ауыз әдебиетін жинау тарихы147

Искакова Г. Ж., Шалабай Б.

Антропоморфизм, зооморфты метафоралар көркем мәтінде автор
модальдылығының берілу құралы ретінде156

Кадирова М. С., Юсупова А. Ш.

Сөздің семантикалық құрылымындағы көп мағыналылық
(XIX ғасырдағы ескерткіш материалында).....169

Капанова Д. Е.

Тікток шетел тілін үйренудің тиімді құралы186

Кок А., Кадырова Б. М., Копаева А. К.

Қазақы қалжыңдардың ұлттық-тілдік табиғаты.....196

<https://doi.org/10.48081/EULR8218>

А. Кок¹, Б. М. Кадырова², *А. К. Копаева³

¹Ақдениз университеті,

Түркия Республикасы, Анталия қ.;

^{2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: kopaeva-ak@mail.ru

ҚАЗАҚЫ ҚАЛЖЫҢДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Әзіл-қалжыңға негізделген күлкі адам өмірінің бір бөлігі болып табылады. Күлкі күнделікті тұрмыстан бастап саясатқа дейінгі өмірдің барлық саласында. Онда зілсіз қалжыңдардан бастап ирония, сатира, сарказм сияқты күлкінің барлық түрі бар. Күлкі жалпы адамзаттық құбылыс болумен қатар жеке ұлттық құбылыс. Белгілі бір халықтың мәдениеті мен ұлттық сипатын күлкіге негіз нысан еткені мен күлкі тудыру әдістерінен де тануға болады.

Барлық ұлттың өзіндік өмірлік құндылықтары, дәстүрлері бар. Ұлттың ерекшелігін, таным-түсінігін білмей ұлтқа тән әзілдерін түсіну қиындық тудырады. Әр халықтың әзілін түсіну үшін сол халықтың өмір сүру салтымен, ерекшелігімен таныс болу керектігі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Сондықтан ғылыми мақалада ұлттық ерекшелікті танытатын қазақы қалжыңдардың ұлттық-тілдік сипаты қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, қазақы қалжыңдар мағыналық тұрғыдан топталады, күлкі тудыру тәсілдері сараланады. Қазақы ауылда өскен адамның өзге тілдік сөздерді дұрыс түсінбеуі күлкі тудырудың жиі кездесетін тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Ғылыми зерттеуге арқау болған қаламгерлер мен ауылдастар арасындағы қағатын қалжыңдар. Қажетті материалдар мерзімді басылымдар мен күнделікті тұрмыстан алынып, оларға лингвомәдениеттанымдық, лексика-семантикалық талдау жасаудың нәтижесінде ғылыми тұжырымдар жасалды.

Кілтті сөздер: қазақы қалжың, зерттелуі, лингвомәдениеттаным, тілдік ерекшелігі, күлкі тудыру тәсілдері.

Kіріспе

Әзіл-қалжыңға негізделген күлкі адам өмірінің бір бөлігі болып табылады. Әр елдің өзіндік мәдениеті мен тілі бар, сәйкесінше ұлттық сипатын танытатын әзіл-оспақтары бар. Соның бірі – қазақы қалжыңдар. Өмірдің мәні мен сәнін келтіріп жүрген қазақы қалжыңдар «күлкі – өмірдің кілті» екенін дәлелдеп жүргені анық. Олар лингвистикалық сипаты жағынан да өте ерекше. Юмордың лингвомәдениеті туралы зерттеген М. А. Кулинич күлкінің жалпыадамзаттық құбылыс болуымен қатар жеке ұлттық құбылыс та екендігін айтқан [1].

Әр халықтың өзіндік өмірлік құндылықтары, дәстүрлері бар. Олар ойлау тәсілімен де ерекшеленеді. Қазақы қалжыңға негіз болатын жайлар кейбір түркі халықтарына ортақ болғанымен (Қожанасыр туралы әзілдерді айтуымызға болады. Ол туралы әзілдер түркі халықтарының көпшілігінде бар және күлкіге арқау болған жайлар да жақсы таныс), орыс, ағылшын немесе басқа ұлттардың өкілдеріне түсініксіздеу болуы мүмкін. Ұлттың ерекшелігін, таным-түсінігін білмей басқаларға олардың қалжыңын түсіну өте қиын. Әр халықтың әзілін түсіну үшін сол халықтың өмір сүру салтымен, ерекшелігімен таныс болуыңыз керек. Қазақтың мәдениетін, дәстүрлері мен менталитетін түсінбейтіндер қазақы қалжыңдарды да түсінбейтіні ақиқат. Сондықтан әр ұлтқа тән күлкінің түрлері лингвомәдени, прагматикалық, семантикалық, танымдық және тағы да басқа аспектілері тұрғысынан кешенді түрде зерттелуі тиіс. Күлкі мәдениеті де зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми тұжырымдар жасауға қажет материалдар күнделікті тұрмыстан, мерзімді баспасөз бен ғаламтордан алынды. Отандық және шетелдік зерттеулерді ғылыми теориялық негіз ете отырып, лингвомәдениеттанымдық, лексика-семантикалық талдау жасадық.

Нәтижелер мен талқылау

Күлкі, күлкінің түрлері гуманитарлық мамандар тарапынан қарастырылып, ғылыми тұжырымдар жасалған. Мәселен, З. Фрейд пен оның шәкірттері психологиялық тұрғыдан зерттесе, философиясын зерттеу Платон, Аристотель, Спенсерлерден басталады. Келе-келе филологиялық тұрғыдан зерттеле бастады. Орыс тіл білімінде лингвистикалық тұрғыдан В. Раскин, С. Агтардо, Ю. П. Королева және т. б., лингвокогнитивті тұрғыдан Л. И. Шмулевич, Т. А. Логинова, М. Малкей, А. Кестлер, лингвомәдениеттану бойынша И. В. Вержинская, М. А. Кулиничтердің зерттеулері бар. Юмордың семантикасы, құрылымы пен прагматикасы [2], ағылшын юморының лингвомәдениеттанымдық сипаты [3], саяси дискурстағы әзілдер өзге тілдік материалдар негізінде зерттелген.

Халыққа қалжыңымен танымал болған Көпен Әмірбектің, әзіл-сықақ әңгімелердің шебері Үмбетбай Уайдиннің жинақтары қазақы қалжыңның төресі десек болады. Ұлттық сипаттағы әзіл әңгімелер өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Н. Төреқұловтың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» [4], тоқсаныншы жылдары Ж.Елшібектің «Ауылдың айтқыштары» [5], М. Ниязбековтің «...деген екен» [6], Ә. Асқаровтың «Ағалардың әзілі, құрдастардың қалжыңы» [7], Б. Садырдың «Ауыл әзілдері» [8] жинақтарында жарияланған. Аталмыш жинақтарда ауыл адамдарының өмірінде кездесіп жататын күлкілі оқиғалар, құрдастардың қағытпа қалжындары берілген. Қағытпа қалжындар бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламторда белгілі бір айдармен жаряланып отырады. Солардың ішінде қазақы қалыпты танытатын, ұлттың иісін аңқытатын қаламгерлер арасындағы қағытпа қалжындар. Осы және басқа да материалдар қазақ тіл біліміндегі біраз зерттеулерге арқау болған.

Болгарияның бір қаласында арнайы сатира мен юмор үйі бар екен. Оның маңдайшасында «Әлемді сақтайтын – әзіл-сықақ» деп жазылыпты. Осы туралы жазған Көпен Әмірбек әлемді қоқыстан тазартатын әзіл-сықақ екенін айтқан. Қазақы қалжындардың лингвистикалық сипаты ғылыми зерттеулерде азды-көпті сөз болды. Бірақ олардың арасында күлкі тудыру тәсілдерін тілдің барлық деңгейлері мен қазіргі бағыттарына қатысты кешенді зерттеулер жоқ. Болашақта қазақы қалжындарды фонетикалық, фонологиялық, лексикалық, фразеологиялық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік және басқа да аспектілері тұрғысынан кешенді зерттеу қолға алынуы тиіс деп ойлаймыз. Сондықтан ғылыми мақаламызда әзіл-қалжындарды ұлттық және тілдік ерекшелігі тұрғысынан сараламақпыз.

«Ой жетпейтін жер болмайды, күлкі жеңбейтін жау болмайды» деп түсінген халқымыз шындық өмірдің бәрін де әзіл-күлкіге, өткір де жарасымды қалжыңға арқау еткендігін айттық. Себебі «күлкі ең алдымен шынайылықты талап етеді». Қазақта қалжыңның жиі кездесетін төрт түрі бар. Олар нағашы мен жиеннің, балдыз бен жездесінің, жеңгесі мен қайының және құрдастардың арасындағы қалжың. Бұлардың арасындағы қалжыңда жаман ниет, бөтен ой болмаған. Қазақы қалжындарды тақырыптық тұрғыдан салт-дәстүрге, әлеуметтік жағдайға, білім-ғылымға, адамдардың жас ерекшеліктеріне, туысқандық, отбасылық қарым-қатынасқа және ұлттар арасындағы достық әзілдер деп жіктеушілік бар. Олардың ішінде неғұрлым жиі кездесетіні қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты және отбасы мүшелері мен құрдастар арасындағы әзілдер. Ұлттар арасындағы зілсіз, достық әзілдер де жиі айтылады.

Отбасы мен құрдастар арасындағы әзіл көбінесе күнделікті тұрмысқа, мінезге т.б. байланысты болса, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты

әзілдер саяси әзілдерге дейінгі қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды деп шартты түрде айтуға болады. Себебі құрдастар мен отбасы мүшелері де қалжындай отырып, қоғам үшін маңызды мәселені қозғауы мүмкін.

Күлкі тудырудың тәсілдері алуан түрлі. Тұспалдар, метафоралар, астарлауды негізгі әдістер қатарында айтуға болады. Қазақы қалжындардың көпшілігі сөздерді тура мағынасында жұмсау арқылы жасалған. Қағытпа қалжындарда тура мағыналы сөздерді жұмсай отырып, астарлы ой береді. Мәселен, белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділов алпысқа толған кезде ауылдастары қаламгердің есімін ауылдағы мектепке бермекші болады. Бірақ ауыл басшылығы көзі тірі адамға ондай құрметтің жасалмайтынын айтып, қарсы болады. Ұсыныстарын бекітпеген ауыл адамдары жазушыдан ақыл сұрайды. Сонда Қ. Жұмаділов: «– Ой, жігіттер-ай, соған бола несіне қиналасыңдар. Маслихаттың талабы қолдан келмейтін, оншалық қиын нәрсе емес екен ғой. Енді бір жиырма–отыз жыл күтсе, ол шартты да толығымен орындаймыз! – деп жерлестерін жұбатқан екен [9].

Сөздің қадірін білетін халқымыз «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген. Қазақы қоғамда қалжыңды орнымен айта білу береке-бірлікті сақтаса, орынсыз әзіл ашу-ызаны тудыруы мүмкін. Адамның кескін-келбетін әзілге қосу әдепсіздік болып саналады. Бірақ құрдастар арасында кездесіп отырады. Басының таздығы, түсінің қаралығы т.б. дене бітімінің ерекшелігі құрдастардың тіліне тиек бола береді.

Қазақы ортада өскен азаматтардың орыс немесе басқа да шет тіліндегі сөздерді дұрыс түсінбеуі күлкі тудырудың жиі кездесетін тілдік тәсілдерінің бірі десек болады. Кезінде белгілі бір тілдік жағдаятта айтылып, кейіннен қалжыңға негіз болып кеткен сөздер бар. Мәселен, «Да здравствует один май (орысшаға шорқақтау төрағаның бірінші мамыр меркесіне жиналған халыққа сөйлеген сөзі), с утра с катқақом (жолға ертемен күн жылып, жер езілмей, жылымық болмай шығып кетейік)». Осы сияқты біреудің көңіліне келмейтін, зілсіз әзілдер келе-келе ауылдастар арасында мәтел болып кетеді. Сол сияқты әскери өмірге қатысты подъем деген пойдем деп ұғып, вставай дегенді сталабай (столовая) деп ұғуы көңілді күлкі тудыратыны анық. Күлкі тудырудың бұндай жолы Қожанасырға байланысты әңгімелерде де кездеседі. «Қожанасыр мен кемпірінің ресторанның тамақ ішуі» әңгімесінде:

«Қожанасыр, кемпірі екеуі қарны ашқан соң ресторанға кіріп, тамақ ішеді. Екеуі бір столда тамақтанып отырса «лавровый листке» (иіс жапырақ) көзі түсіп қалады.

Қожанасырдың кемпірі:

– Шал, бұл не? – депті.

– Сол кезде официантка келіп қалыпты. Қожанасыр официантқадан жапырақты көрсетіп:

– Бұл не? – деп сұрапты. Официантка:
– Лавровый лист, – деп жылдам айтып, кетіп қалыпты. Түкке түсінбеген Қожекең аңырайып отырып қалыпты. Сонда кемпірі тұрып:

– Әй, шал, анау не деп кетті? – депті. Қожанасыр:
– Дабырламай іш! – деп кетті» [10, 92].

Келесі бір күлкі тудырудың тәсілі адам есімдерімен байланысты. Лексикалық қордағы біраз сөздер адам есімдеріне қатысты. Олардың арасынан түрлі мағынаны беретін сөздерді кездестіреміз. Мәселен, Шам деген адам есімі де бар. Шам тура мағынасында жарық беруші құрал. Шамды жаққанда жан-жағына сәуле түсіретіні белгілі. Бір ауылда бірнеше Сәуле деген әйел адам бар екен. Оларды бір-бірінен ажыратып атау үшін бір анықтауыш сөзді қосып айтады. Мәселен, көрші Сәуле, мұғалім Сәуле, келін Сәуле, т.б. Шамның әйелінің де аты Сәуле болғандықтан, ауылдастары оны қалжыңдап Шамның Сәулесі деп атайды екен. Бұлай атау, әрине езуге күлкі ұялатары анық. Сол сияқты Қанат есімді азаматтар көп. Бірінің шешесінің аты Торғай болғандықтан «Торғайдың Қанаты» болды.

Қорытынды

Келтірілген қазақы қалжыңдардан оның ұлттың менталитеті мен мәдениетінің барлық ерекшеліктерін көрсететін мәдени-спецификалық құбылыс болуымен қатар жеке адамның санасы мен мәдениетінің тікелей көрінісі екенін көруге болады. Қазақы қалжың әлемнің ұлттық бейнесінің де, жеке адам әлемінің де көрінісі деуге толық негіз бар. Әр адамның өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары, өмірді тануы мен қабылдауы бар. Ұлттық сипаттағы бірегейлік пен менталитет мәдениетте, тұрмыста көрінеді. Бастапқыда өзара әзіл, жеңіл күлкі сипатында пайда болған әзіл кейінірек қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларға байланысты әлеуметтік маңызын арттырады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Кулинич, М. А. Лингвокультурология юмора (на материале английского языка) [Текст]. – Самара : СамГПУ, 1999. – 180 с.

2 Кулинич, М. А. Семантика, структура и прагматика англоязычного юмора : дисс. на соиск. степ. д-ра культурологических наук [Текст]. – Самара : СамГПУ, 2000. – 290 с.

3 Карасик, А. В. Лингвокультурные характеристики английского юмора : дисс. на соиск. степ. канд. филол. наук [Текст]. – Волгоград, 2001. – 193 с.

4 Төркеұлов, Н. Сөз тапқанға қолқа жоқ [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1964. – 69 б.

5 Елшібек, Ж. Ауылдың айтқыштары [Текст]. – Алматы : Өнер, 1993. – 56 б.

6 Ниязбеков, М. ...деген екен! [Текст]. – Алматы : Өнер, 1992. – 64 б.

7 Асқаров, Ә. Ағалардың әзілі, құрдастардың қалжыңы [Текст]. – Алматы : Өнер, 1992. – 112 б.

8 Садыр, Б. Ауыл әзілдері [Текст]. – Астана : BG-print, 2013. – 288 б.

9 Жұмаділов, Қ. Қағытпа қалжыңдар [Текст]. [http : //zhumadilov.kz](http://zhumadilov.kz)

10 Бабалар сөзі [Текст]. Жүзтомдық. – Астана : Фолиант, 2013. Т. 98 : Күлдіргі әңгімелер. – 440 б.

References

1 Kulinich, M. A. Lingvokulturologiya yumora (na materiale anglijskogo yazyka) [Linguistic culture of humor (on the material of the English language)] [Text]. – Samara : SamGPU, 1999. – 180 p.

2 Kulinich, M. A. Semantika, struktura i pragmatika angloyazychnogo yumora : diss. na soisk. step. d-ra kulturologicheskix nauk [Semantics, structure and pragmatics of English humor: diss. or soisk. step. Doctor of Cultural Sciences] [Text]. – Samara: SamGPU, 2000. – 290 p.

3 Karasik, A. V. Lingvokulturnye xarakteristiki anglijskogo yumora : diss. na soisk. step. kand. filol. Nauk [Linguistic and cultural characteristics of English humor: diss. or soisk. step. sugar philol. science] [Text]. – Volgograd, 2001. – 193 p.

4 Torekulov, N. Soz tapkanga kolka zhok [There is no way to find words] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1964. – 69 p.

5 Elshibek, Zh. Auyldyn ajtkyshtary [Village narrators] [Text]. – Almaty : Oner, 1993. – 56 p.

6 Niyazbekov, M. ...degen eken! [... said!] [Text]. – Almaty : Oner, 1992. – 64 p.

7 Askarov, A. Agalardyn azili, kurdastardyn kalzhyny [Jokes of elders, jokes of peers] [Text]. – Almaty : oner, 1992. – 112 p.

8 Sadyr, B. Auyl azilderi [Village jokes] [Text]. – Astana : BG-print, 2013. – 288 p.

9 Zhumadilov, K. Kagytpa kalzhyndar [Jokes] [Text]. [http : //zhumadilov.kz](http://zhumadilov.kz)

10 Babalar sozi [Words from ancestors] [Text]. Zhyztomdyk. – Astana : Foliant, 2013. T. 98 : Kuldirgi angimeler. – 440 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

А. Кок¹, Б. М. Кадырова², *А. К. Копеева³

¹Университет Акдениз,

Турецкая Республика, г. Анталия;

^{2,3}Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ И ЯЗЫКОВОЙ ХАРАКТЕР КАЗАХСКИХ ШУТОК

Смех, основанный на шутке, является частью человеческой жизни. Смех есть во всех сферах жизни, от мягких шуток до иронии, сатиры и сарказма. Смех – это национальное и универсальное явление. Культуру и национальный характер определенного народа можно узнать по тому, что заставляет его смеяться, и по методам его смещения.

У каждого народа есть свои жизненные ценности и традиции. Трудно понять национальные шутки, не зная особенностей культуры нации. Чтобы понять юмор каждого народа, нужно знать образ жизни и особенности этого народа. Поэтому в научной статье исследуется национально-языковая природа казахских шуток, в которых проявляется национальное своеобразие. В частности, казахские шутки группируются по смыслу, дифференцируются способы вызывания смеха. Непонимание иноязычных слов человеком, выросшим в казахском ауле, считается одним из самых распространенных способов вызвать смех.

Основой для научного исследования послужили шутки между писателями и односельчанами. Необходимые материалы были взяты из периодической печати и быта. Научные выводы сделаны в результате лингвокультурологического, лексико-семантического анализа.

Ключевые слова: казахские шутки, исследование, лингвокультурология, языковые особенности, методы создания комики.

Kok¹, B. M. Kadurova², *A. K. Kopaeva³

¹Akdeniz University,

Republic Of Turkey, Antalya;

^{2,3}Toraigyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 13.03.23.

THE NATIONAL-LINGUISTIC NATURE OF KAZAKH JOKES

Laughter based on humor is a part of human life. Laughter is presented in all spheres of life, from everyday life to politics. Starting from silly jokes to irony, satire and sarcasm. Laughter is not only a universal phenomenon, but also a separate national phenomenon. The culture and national character of a particular people can also be recognized by what made them the object of laughter and the ways to cause laughter.

Each nation has its own life values and traditions. Without knowing the specifics, the knowledge of the nation, it is difficult to understand the jokes characteristic of the nation. The truth, which does not require proof, is that in order to understand the humor of each people, it is necessary to be familiar with the way of life, the peculiarities of this people. Therefore, the scientific article examines the national-linguistic nature of Kazakh jokes representing national specifics. In particular, Kazakh jokes are grouped by meaning, ways to cause laughter are differentiated. Misunderstanding of another language by a person who grew up in a Kazakh village is considered as one of the most common ways to cause laughter.

Jokes between writers and fellow villagers laid the foundation for scientific research. The necessary materials were withdrawn from periodicals and everyday life, scientific conclusions were made to them as a result of linguoculturological, lexico-semantic analysis.

Keywords: Kazakh joke, study, linguoculturology, linguistic specificity, understatement, ways to cause laughter.